

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 3 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

Түркістан қаласы

23.11. 2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал-доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ-ын әзірлеуде пәндерді жаңарту мәселелері бойынша семинар ұйымдастыру
2. Математика және статистика бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімін жаңарту
3. БББ-н іске асыру бойынша мониторинг жүргізу
4. Бакалавриат білім бағдарламасы бойынша практика базаларын нақтылау және жаңарту
5. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

ТЫНДАЛДЫ:

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша қараша айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. ББ-ын әзірлеуде пәндерді жаңарту мәселелері бойынша семинар жасалынды. Магистратура деңгейінде таңдау компонентіне жаңа пәндер қосу керектігі қарастырылды. Ал бакалавр деңгейінде 24-25 оқу жылына әзірге қолданыстағы ББ өзгеріс қалдыру бойынша ұсыныстарды ескердік. Сонымен қатар күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Математика және статистика бағытына кіретін ББ бойынша магистратураға түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы мен сұрақтар тізімі жаңартылып, эссе тақырыптарына қоғамды өзектілігі бар тақырыптармен қамтылды.

АК мүшесі, академиялық персонал- К.И.Усманов сөз алып: БББ-н іске асыру бойынша мониторинг жүргізу бойынша аккредитацияланатын білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстарын жүргізіліп жатқандығын, ББ бағдарламаларын жақсарту мақсатында әлсіз және қауіп қатерлі жақтарымызға SWOT талдау жасалынып, сол бойынша жұмыс жасау керектігін атап өтті.

АК төрағасы Ж.С.Еркишева: Бакалавриат білім бағдарламасы бойынша практика базаларын нақтылау және жаңарту бойынша біздің бағытымыз бойынша әсіресе бакалавр деңгейінде практика базасын табу өте маңызды проблемалардың бірі, осыған байланысты практика базасын күшейту

керектігін атап өтті. Қаламызда , облыс көлемінде біздің мамандықтың бейінін түсінбейтін мекемелеріміз баршылық, оларға білім беру бағдарламаларымыздың қызметтік функциялары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігін ерекше атап өтті. БББ жақсарту бойынша жұмыстар көп, алдағы уақытта сапалы жұмыс жасаймыз деген сенімдеміз деп өз сөзін қорытындылады.

Шешім: 1. Бакалавр және магистратура дейгейіндегі ББ практика базалары нақтылансын.

2. Қараша айындағы атқарылған жұмыстар назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов